



# ДӘСТҮРЛЕР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕГІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ РЕТІНДЕ

Еспенова Айгерим<sup>1</sup>, Мусабекова Лаура<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы  
(Алматы қ., Қазақстан Республикасы)

**Аңдатпа.** Ғылыми мақала XXI ғасырдағы қазақстандық кескіндеме мектебінің дамуының кейбір маңызды аспектілерін зерттеуге арналған. Қазіргі заманғы бейнелеу өнерінің өзгеру үдерісінің ерекшеліктерін саяси және экономикалық өзгерістер аясында анықтау мақсатында оның жаңа бағыттарын дамыту мәселесі зерттелуде. Сандық кескіндеме, минимализм, фотореализм және поп-кескіндеме бағыттарындағы суретшілердің шығармашылығына талдау жасалады.

Бейнелеу өнерінің даму үдерісін, суретшілердің жаңашыл ізденістерін зерттеу мәселесі өте өзекті. Жаңа идеялар, сипатты тәсілдер, орындау шеберлігі қазіргі көрермен көңілінен шығатын өзіндік бағыттардың қалыптасуына әсер етті. Зерттеу барысында дәстүрлі сурет салу техникасымен қоса көптеген «digital» технологияларды қолданатын бейнелеу өнерінің дамып келе жатқан жаңа түрлері – фотореализм мен сандық кескіндемеге тән ерекшеліктер анықталды. Бейнелеу өнерінің осы бағыттарын зерттеу бейнелеу өнерінің экспрессивтілігінің жаңа аспектілерін ашуға мүмкіндік беріп, көрерменге өнер туындысын өз бетінше түсінуге көмектеседі.

Нәтижесінде заманауи бейнелеу өнері қазіргі қоғамның ұмтылысы мен сұраныстарын айқындайтын стильдер мен әдістердің кең ауқымын қамтиды деген қорытынды жасалды. Гибридті әдістер жиынтығы визуалды және оптикалық әсерлерді жасауға, шебер мен көрерменнің диалог үдерісін басқаруға мүмкіндік береді. Заманауи талаптарға бейімделген стиль бейнелеу өнерінің бүкіл бағытына екпін береді. Поп-кескіндеменің өкілі болып табылатын суретшінің шығармашылығы ондаған жылдар бойы бүкіл өнердің даму үрдісін болжау үшін егжей-тегжейлі зерттеуді қажет етеді. Әрине, өнердегі үрдістер өзгермелі және сөзсіз қоғамның эволюциясын байқатады. Бірақ қалай болғанда да, бұл қазіргі заманғы бейнелеу өнерін мәдениеттің біртұтас кеңістігінде қарастыратын өнертанушылардың қызығушылығын тудырады. Өнерде дамитын және өзгеретін барлық үдерісті адамның өнермен одан әрі өзара әрекеттесуі мақсатында зерттеу және түсінуге керек.

**Түйін сөздер:** қазіргі заманғы көркем өнер, сандық кескіндеме, минимализм, фотореализм, поп-кескіндеме, көркемдік кеңістік, Қазақстан суретшілері.

**Қаржыландыру көзі:** Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің 2024-2026 жж. гранттық қаржыландыруы шеңберінде, ЖТН АР 22786586 жобасы аясында даярланды.

**Дәйексөз үшін:** Еспенова, Айгерим және Мусабекова Лаура, «Қазақстанның қазіргі бейнелеу өнеріндегі дәстүр мен инновация». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 9, № 3, 2024, 194-215 бб., DOI: 10.47940/cajas.v9i3.805.

**Алғыс:** Автор Central Asian Journal of Art Studies редакторларына, сондай-ақ, анонимді рецензенттерге зерттеуге назар аударып, қызығушылық танытқаны үшін, мақаланы баспаға дайындауға көмектескені үшін алғыстарын білдіреді.

*Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қайшылығы жоқ екендігін мәлімдейі.*

## Кіріспе

Қазақстанда Тәуелсіздіктің қарсаңында қорын алған геосаяси, экономикалық, тарихи-мәдени үдерістер бейнелеу өнерінің дамуына терең өзгерістер енгізді. Бұл өзгерістер кескіндеме өнерінің одан әрі дамуына әсер етіп, шығармашылық энергияны, өзіндік жеке стильдерді қалыптастыруға қуатты серпін берді. Қазақстанның кескіндеме өнері модернизм мен постмодернизмнің әртүрлі бағыттарының синтезін, жаңа стильдердің көптеген түрлерін, инновациялық ізденістің қуатты көзін камтиды. Мұнда дәстүрлі жанрлар мен даму үдерістері шығармашылық еркіндікті, плюрализм идеяларын, заманауи әлемдік бейнелеу өнерінің жетістіктерін батыл игеруді қолдай отырып, жаңа мәртебеге ие болады. Тәуелсіздік кезеңі суретшілерінің шығармашылық ізденістерін нәрлендірген халықтың бай мұрасы олардың шығармашылығына жарқын және қайталанбас даралықтың ерекшеліктерін береді.

XIX ғасырдың реалистік дәстүрлеріне бағдар қазақ кескіндеме мектебінің қалыптасуына негіз болды. Қазақстанның бейнелеу өнері тарихындағы 1930-1940 жж. кезеңінен кейінгі жылдар отандық өнердің даму болашағын айқындады.

Классикалық реалистік кескіндеме мектебі 50 жылдан астам уақыт бойы Қазақстанның кескіндеме өнерінің жетекші стиліне айналып, жаңа дәуір бейнелеу өнерінде жаңа стильдер мен техникалардың қалыптасуына әкелді. Постмодерн, метамодерн стильдері, минимализм, гипперреализм және т.с.с. жаңа бағыттар бір-бірімен үйлесіп, қазіргі жас суретшілер тарапынан кенінен қолдау тапты. Сөйтіп, фовизм, импрессионизм, сюрреализм сияқты XX ғасырда танымал болған стильдер мен бағыттардың негізінде алғашында Батыс еуропа елдерінде, кейіннен әлемнің өзге елдерінде жаңа заманауи өнер түрлері қалыптасты.

Ғылыми жұмыстың басты мақсаты — тәуелсіздік кезеңдегі қазақ бейнелеу өнерінің даму үдерісіндегі ұлттық құндылықтар мен руханилықты жаңғырту сияқты негізгі үрдістерді қарастыру, осы кезеңдегі қалыптасқан жаңа бағыттарға сипаттама беріп, негізгі өкілдерін анықтау.

ҚСРО-ның ыдырауынан туындаған әлемдегі түбегейлі өзгерістер қазақ бейнелеу өнеріне де ықпал етті. Сонымен қатар, жаһандану үрдісінің кең етек жаюы өнердің бұл саласындағы трансформацияның аяқталмай, осы уақытқа дейін даму динамикасында

болуына ықпалын тигізді. Осыған байланысты өнертану ғылымы бейнелеу өнерінің даму бағыттары мен үрдістерін, Қазақстан өнері стилистикасының, осы уақытқа тән бейнелеу өнерінің мәнерлі құралдарының байланысын анықтауға тырысады.

Қазақстанның кескіндемесі әрқашан жаңа пластикалық идеяларды құру шабытымен ерекшеленді. Еліміздің кәсіби көркемсурет мектебінің кезең-кезеңмен дамуы көбіне ел ішіндегі саяси, әлеуметтік-экономикалық факторларға байланысты болды. Кескіндемедегі реализм бағытынынан романтизм, символизм, поп-арт пен фотореализмге дейін даму үрдісінде әлемдік көркемсурет дәстүрлерінің жаңа кескіндеме мектебінің қалыптасуы мен дамуына ықпалын байқаймыз. Дәстүрлі көркемсурет өнері мен әлемдік көркемсурет мәдениеті жетістіктерінің синтезі әртүрлі суретшілердің шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал етті. Қысқа мерзімде аға буын өкілдері мен жаңа толқын өкілдері ХХ ғасырда пайда болған барлық көркемдік бағыттарды ұсына отырып, бір көркемдік кеңістікте шығармашылықтарын дамытты.

Осы байланыс негізінде тәжірибе жинақтай отырып, Қазақстанның бейнелеу өнері өзінің тарихи жолында күрт серпіліс жасауда. Бұл эволюциялық даму отандық өнердің әлемдік бейнелеу өнерінің бір бөлшегі болуға мүмкіндік туғызады.

Жалпы, 1990-жылдар Қазақстанда жаңа тарихи кезең, ауқымды геосаяси өзгерістер (КСРО-ның ыдырауы) орын алған уақыт. Тәуелсіздік кезеңі өнердің барлық түрлеріне жаңа мазмұн әкелді. Егемен Қазақстанның мәдениеті мен бейнелеу өнері өзін-өзі еркін жүзеге асыруға, терең ішкі өзін-өзі тануға мүмкіндік алды. Осы кезеңдегі бейнелеу өнерінде Қазақстанның қоғамдық санасының дамуының іргелі үрдістері көрініс тапты, қазіргі ұлттық руханияттың неғұрлым ауқымды

идеялары мен мағыналары икемделіп, көркемдік жағынан өзгерді. Оның негізгі траекториялары ретінде терең өзін-өзі анықтауға деген белсенді ұмтылысты, ұлттық идеяны қалыптастыру және әлемдік өнер аренасына шығудың қуатты қажеттілігін атауға болады.

Бұл кезеңнің өнері өзара түсіністікті, жарқын шығармашылық тұлғалардың қатар өмір сүруін, стильдердің, үлгілердің және қолтаңбалардың әртүрлілігін түзеумен қатар жүрді. Толыққанды тәуелсіздікке жету факторы Қазақстанның бейнелеу өнері үшін тұжырымдамалық негізге айналды.

XXI ғасырдың бірінші ширегінің мәдениеті ерекше және өте бай құбылыс: дәл осы уақытта қоғам алдыңғы уақыттың мәдени мұрасын түсініп, жаңа стильдер мен бағыттарды ашуда жетістікке жетуде. XXI ғасырдың бірінші ширегінде ерекше танымал болған суретшілердің қатарында 1990-жылдары, яғни қайта құру уақытында алғаш қадамдарын жасаған суретшілер жемісті еңбек етті. Бұл дәуір қазіргі қазақстандық суретшілерге әртүрлі бағыттағы еркін көркемдік даму үшін керемет мүмкіндіктер берді. Бұл суретшілер үшін абстракция, әртүрлі вариациялардағы экспрессионизм, минимализм, поп-арт, фотореализм және т. б. сияқты бағыттар ерекше тартымды болды.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанның мұражайлары мен галереяларында отандық суретшілердің жеке немесе топтық көрмелері көптеп ұйымдастырылды. Қазақстандық көрермендерге өз туындыларын Сұлтан Иляев, Бауыржан Байділдә, Әліби Бапанов, Тоққожа Қожағұлов, Өміргелді Әбеуов, Бақыт Дана, Берік Молжігіт, Кәріпбек Құйіков, Амандос Ақанаев, Төлеуғазы Байғалиев және т.б. көптеген жас және шеберлігі шыңға жеткен суретшілер ұсынды. Осындай көрмелердің бірі 2022 жылы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тарапынан Ә. Қастеев атындағы ҚР

Мемлекеттік өнер мұражайында өтті. «Қазақстан өнерінің 100 жауһары» атты көрменің басты демеушісі Samsung компаниясы болды. Ауқымды көрме мен құнды басылым Қазақстанның жетекші өнер мұражайының жинақтамасындағы қазақстандық өнер — кескіндеме, графика және мүсін шеберлерінің шынайы жауһарларын қамтыды. Кітап пен экспозиция құрылымы Қазақстанның кескіндеме, графика және мүсіннің танымал жауһарларын үйлестірген үш негізгі бөлімнен тұрды. Әр бөлімде суретшілер ұрпақтарының сабақтастығы және дәуірдің, уақыттың, тарихтың негізгі үрдістері байқалады. Қазақстанның қазіргі заманғы өнері осындай жинақтар мен иллюстрацияларда кеңінен көрініс тапты.

Мақаланың өзектілігі жыл сайын суретшілер қатарының жаңа қылқалам шеберлерімен, бағыттар мен стильдердің қалыптасып сипатталуы қажеттігімен түсіндіріледі. Ғылымдағы суретшілердің жеке шығармашылығына арналған мақалалар бар болғанымен оларды талдап, қазіргі Қазақстанның бейнелеу өнерінің даму бағытына сипаттама беретін еңбектер аз.

## Әдістер

XXI ғасырдағы бейнелеу өнері өткен ғасырлардағы өнерден түбегейлі ерекшеленеді. Осы уақытта пайда болған жаңа стильдер мен үрдістер XXI ғасырдың басынан бастап өнер мен мәдениетте болып жатқан өзгерістердің нәтижесін аңғартады. Постмодернді алмастырған метамодерн сыншылар мен өнертанушылардың назарын өзіне аудара бастады. Ол терендік, шынайылық, тарихилық және табиғилық сияқты қасиеттермен сипатталып, өнердің күйін өзгертуге, оны жоғалған мән-мағыналармен толтыруға тырысты. Мәселен, қазақстандық жас суретші Тахир Яхьяров өз жұмыстарында ойнақы аңғал пішіндер көмегімен

байыпты мәнмәтіндерді жеткізуге тырысады. «Оның қарапайым және жеңіл қимылдары, шынайы және тіпті аңғал сюжеттері мұқият қараған кезде Қазақстандағы қазіргі заманғы өнердің қалыптасқан негізгі ағымындағы күрделі қайшылықтарды қамтиды» (Мусрепов).

Мақалада бейнелеу өнерінің дамуына және Қазақстан Республикасындағы заманауи көркемдік бағыттардың қалыптасуына талдау жасалды. Ол үшін тарихи, өнертанушылық және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Нәтижесінде кескіндеме өнерінің жаңа бағытарының тек қана ішкі нарықта ғана емес, сонымен қатар, әлемдік нарықтағы маңыздылығы түсіндірілді. Постмодернизм кезеңінен бастау алатын заманауи өнердің қалыптасуын модернизмге қарама-қарсы қағидаттарды қалыптастыру уақыты ретінде сипаттауға болады. Қазіргі заманғы өнер инновацияларға, эксперименттерге және жаңа технологияларға баса назар аударады. ҚР Дизайнерлер Одағының мүшесі Даулетхан Болысбаев, өнертану ғылымдарының докторы Райхан Ерғалиева, педагогика ғылымдарының докторы Садыбек Бейсенбаев, өнертану кандидаты Бекзат Итемгенова, өнертанушы Абдрашид Райымбеков және т.б. сияқты авторлардың еңбектерінде Қазақстанның қазіргі заманғы бейнелеу өнері, ондағы әртүрлі стильдер мен техникалар, жаңашыл идеялар сипатталады.

Автор мақалада суретшілердің қазіргі заманғы өнердің дамуына қосқан үлесіне талдау жасап, жаңа Тәуелсіз Қазақстанда өз кәсібін бастаған суретшілердің шығармашылығын сандық кескіндеме, минимализм, фотореализм және поп-кескіндеме бағыттарымен байланыста зерделеген. Тәуелсіздік кезеңі суретшілері кескіндеме өнерінің жаңа бағыттарының шапшаң дамып, стильдер мен әдістердің тоғысуына, өнер әлеміндегі жаңа үрдістердің қалыптасуына септігін

тигізді. Сондықтан бұл жаңа бағыттарды зерттеу пәніне айналдыру мәселесі қазіргі уақытта өз өзектілігіне ие болуда.

Заманауи сандық кескіндеменің, фотореализмнің және басқа да жаңа стильдер мен бағыттардың қазақстандық жолының қалыптасуы мен дамуында Qantar Omar, Дария Мороз, Айдос Есмағамбетов және т.б. жас суретшілердің қосқан үлесі маңызды. Қойылған міндеттерді шешу үшін жас суретшілердің шығармашылығына, туындыларына және олардың қазіргі заманғы өнерге қосқан үлесіне талдау жасалды. Алынған мәліметтердің нәтижелері бойынша бейнелеу өнерінің жаңа бағыттарының даму ерекшеліктері анықталды. Мақала авторлары сандық дәуір суретшілерінің шығармашылығын зерделеп, ХХІ ғасыр шеберлерінің туындыларын зерттеуге үлес қосады.

Қазіргі заманғы өнердің әлеуетті мұрасы және қарқынды дамып келе жатқан бағыты ретінде танылған сандық өнер тақырыбына арналған Светлана Қобжанованың «Қазақстандағы сандық кескіндеменің дамуы» атты ғылыми еңбегіне мақалада сілтемелер берілген. Мақалада авторлар Қазақстанның сандық өнердің ерекшелігін зерттеп, оны сипаттау үшін қолданылатын терминологиялық категорияларды анықтады. Сонымен қатар, қазіргі заманғы өнердің осы түрінің қолдану әдістеріне талдау жасады.

Авторлардың негізгі мақсаты – танымал жас суретшілердің шығармашылығын зерттеу нәтижелерін жариялау және тәуелсіздік кезеңінде бейнелеу өнерінің жаңа бағыттарының даму деңгейін анықтау. Кескіндеменің жаңа бағыттарының орны мен рөлі стильдердің негізін қалаушы ретінде танылатын суретшілердің өзін-өзі көрсете білуі мен шығармашылық ой-қиялы арқылы ұсынылған. Стильдер мен жеке шығармашылықтың ерекшеліктері, суретшілердің шығармаларын талдау негізінде анықталды. Бұл туындылар

бетінде шеберлер қоршаған әлемді бақылаудың нәтижесін, шынайылықтың өзіндік қабылдау қабілетін жеткізді. Мақалада олардың шығармаларының мәдени-ұлттық құндылығына ерекше назар аударылады және оның авторларына жеке сипаттама беріледі.

## Талқылау

Қазақстанның бейнелеу өнерінің даму үрдістері мен өнердегі инновациялар өнертанушылар тарапынан зерттеу пәніне айналып, бұл бағытта жаңа зерттеулердің жарық көруіне мүмкіндік туғызып отыр. Аталмыш зерттеу мәселесінің аспектісінде біз Даулетхан Болысбаев, Райхан Ергалиева, Садыбек Бейсенбаев және т. б. сияқты ғалымдардың еңбектерін назарға алып, Қазақстан бейнелеу өнеріндегі басты жаңалықтарды оқырманға ұсынуды мақсат еттік. ХХІ ғасырдағы Қазақстанның бейнелеу өнері өзінің дербес бейнелеу тілін айшықтауды, бейнелеу өнеріндегі дәстүр мен инновациялардың арақатынасы мәселелерін, заманауи бейнелеу құралдары мен техникаларының қолдану тәсілдерін қамтиды.

Ұлттың тарихынан сыр шертіп, оның әрбір кезеңіндегі маңызды оқиғалар тізбегін жаңғыртатын, ақын-жыраулар, хандар мен батырлардың ерлігін, қазақ даласының ұлы кеңістігіндегі халықтың күнделікті өмірінің көріністерін көз алдына елестетін қазақ елінің тереңнен келе жатқан әдет-ғұрпы мен салт-дәстүріне, мифологиясына, тарихына, өмір салтына деген үндеу Қазақстанның қазіргі заманғы кескіндемесінің өзіне тән ерекшелігіне айналды.

Қазіргі әлемдегі бейнелеу өнерінің рөлін анықтайтын бірқатар құнды еңбектер бар. Ғылым қорын адамдардың дүниетанымына және суретшінің шығармашылық жолына сол дәуірдің ықпалын анықтауға бағытталған зерттеулер де толықтыруда. Бұл ретте «ұрпақтар теориясын» жарыққа әкелген

Уильям Штраус пен Нил Хаудың еңбектері үлкен қызығушылық тудырады. Себебі, «ұрпақтар теориясы» әрбір кезеңдегі саяси, әлеуметтік-экономикалық оқиғалардың ұрпақтар санасы мен мінез-құлқына, олардың тұлға болып қалыптасуына ықпалын көрсетеді. Ғалымдардың зерттеулері аға буын мен қазіргі заман ұрпақтар арасында тарихи ұқсастықтар бар екенін айқындады. «Ұрпақтар теориясын» әзірлеу барысында, Штраус пен Хау ұрпақтардың дамуында белгілі бір үлгіні анықтады. Оған тікелей ұрпақтарға қатысты тарихи оқиғалар әсер ететіндігі айқындалды.

Қазіргі заманның шығармашыл тұлғалары осы ғалымдар атап кеткен күрделі бетбұрыс дәуірінде қызмет етіп, өз өмірі мен шығармашылығында екі дәуірдің (кеңес дәуірі және тәуелсіздік кезеңі) де ықпалын сезінді. ХХІ ғасырдың бейнелеу өнері жаңа көркем бейнелерді жаңа стиль мен жанрларды дүниеге әкелді. Ұлттық тақырып пен заманауи көркемдік тіл өз үйлесімін тауып, Қазақстан бейнелеу өнерінде жаңа бағыттар қалыптаса бастады. Оған көбіне жоғарыда аталған геоясасы, тарихи және мәдени өзгерістер ықпал етті.

«Тәуелсіз Қазақстан суретшілерінің туындылары ХХ ғасырдағы еуропалық кескіндемедегі танымал ағымдардың сөзбе-сөз қайталануынан бастап, әр түрлі контемпорари арт жанрларында жұмыс істеуге дейінгі стилистикалық артықшылықтардың кең спектрімен ұсынылған» (Бейсенбаев 12). Тәуелсіздік кезеңінде дүниеге келген жас қылқалам шеберлері заманауи кескіндеме әдістерін үйреніп қана қоймай, дәстүрлі классикалық өнерді қатар меңгеруде. Бұл екі өнер элементтерінің үйлесімді байланысын орнату арқылы жас суретшілер көркемөнердің жаңа бағыттарын қалыптастыруда. Дәстүрлі академиялық мектепке негізделген кескіндеме өнері, заман ағымынан қалмай, жаңа стильдер мен бағыттарды қамтып үздіксіз дамуда.

Даулетхан Болысбаев өзінің «Тәуелсіз Қазақстанның бейнелеу өнері» атты мақаласында Қазақстанның бейнелеу өнерінің ерекшеліктерін, Қазақстан Республикасының тәуелсіздік кезеңіндегі қазақстандық суретшілердің түрлі стильде, техникада, бағыттарда орындалған көркем туындыларын сипаттаған. Автор Тәуелсіз Қазақстанның кескіндеме өнері басқа өнер түрлерімен өзара іс-қимыл жасай отырып, жаңа бағыттарды, пішіндер мен жанрларды дамыта отырып, эстетикалық тілді, бейнелеу туындысының қазіргі заманғы әдістерін, ұлттық дәстүрлері мен көркем тілін байытады деп тұжырымдаған. «Қазақстанның қазіргі заманғы кескіндеме өнері еуропалық сабақтастықпен және дәстүрлі өнердің дамуымен, мемлекеттің Тәуелсіздік жылдарында қалыптасқан өзіндік ерекшелігі мен дамудың бұрын-соңды болмаған серпінімен, суретшілердің шығармашылық өз ойын білдіру еркіндігімен, ұлттық дәстүрлер мен қазіргі әлемдік өнердің тәжірибесіне негізделген бағыттар мен ізденістердің алуан түрлі және кең векторымен ерекшеленеді» (Болысбаев 592).

Тәуелсіздік жылдарында заманауи бейнелеу өнері дәстүрлі техникалар мен инновациялық технологияларды біріктіретін мәдени бірегейліктің ерекшелігін айқын көрсете отырып даму үстінде. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан-ақ ұлттық бастауларға оралу орын алып, Қазақстан кескіндемесінің заманауи бағыттарының тақырыптары кеңейді. Кескіндеме өнерінің жаңа кезеңі туралы өнертанушылардың еңбектері жарық көре бастады. Солардың қатарында Райхан Ергалиеваның ғылыми еңбектері үлкен құндылыққа ие. Райхан Ергалиева өзінің «Қазақстанның қазіргі өнеріндегі мәдени дәстүрді трансформациялау» атты мақаласында жазып өткендей: «Кеңестік кезеңде пайда болған және қалыптасқан Қазақстанның бейнелеу өнері алғаш



рет сыртқы идеология мен цензурасыз дами бастады. Кеңестік идеологияның жойылуы және қазақ өнерінің алғаш рет өзін-өзі қамтамасыз ететін құбылыс ретінде дами бастауы, оның шынайы рухани болмысты жаңғыртуына, көркемдік қағидаттар мен инновациялық мүмкіндіктердің сабақтастығын белсенді іздестіруіне жағдай жасады» (210).

Қазіргі заманның бейнелеу өнері көркем тілді байытты және ұлттық құндылықтар мен руханилықты жаңғыртуға ықпал етті. Кескіндеме өнерінің «тынысы ашылып», шексіз мүмкіндіктері пайда болды. Қазақ суретшілері осы «ескі» өнер түрінен жаңа жолдарды іздестіріп, Қазақстанның қазіргі заманғы кескіндемесінің ата-бабаларымыздың ежелгі өнерінің мәңгілік синкретизміне қайта оралуын мүмкін етті. Бейнелеудің әдістері мен тәсілдері символизмге, таңбалылыққа, шарттылыққа және метафоралануға қарай бет алды. Тәуелсіздік кезеңінің суретшілерінің туындыларында бай көшпелі дәстүрлер, мифопоэтикалық мұралар, әдет-ғұрыптар жаңа қарқынмен бейнелене бастады. Мәселен, Ақмарал Абулхаир өз жұмыстарында әйелдің ішкі дүниетанымы тақырыбына көп көңіл бөледі. Өз туындыларын суретші әйел адамдарына арнаған. Қасиетті қазақ даласы ерте дәуірден Ұмай анаға құрмет көрсетіп, әйелдің ішкі сұлулығына жоғары баға бере білген. Шебердің «Ұмайдың бейнесі “Сенім-Сенімсіздік”» (2015 ж.) сияқты суреттер сериясы әрқашан символизмге толы. Бетперденің ішінде тығылған әйел бейнесі немесе көз жанарысыз оны бейнелеуі қазіргі қазақстандық символизмге тиесілі. Ол арқылы суретші әйел адамның ауыр жағдайын, гендерлік теңсіздік мәселесін көтереді.

Жалпы, кескіндемедегі қазақстандық символизм туралы Елена Личманның, Райхан Ергалиеваның, Садыбек Бейсенбаев және т.б. авторлардың ғылыми мақалаларымен танысып ақпарат

ала аламыз. Бұл ғылыми еңбектерде авторлар көшпелі халықтың ұлттық дүниесезімін, оның тәңірге немесе көк аспанға табынуындағы ғарыш және аспан әлемі туралы түсінігінің дамығандығын, ою-өрнектеріндегі терең фәлсәфалық мәнді суретшілердің терең ұғына қолданғандығын баяндайды. «Өнерде символ жаңа мағынаны дүниеге әкелетін үлгі ретінде қарастырылады. Символдық құрылым жеке болмыс енгізілген ғарыштық өмірден бөлінбейді. Сондықтан символмен жұмыс жасау арқылы суретшілер символдық мәннің материалдық, рухани, әлеуметтік болсын, кез-келген объектіде немесе құбылыста кездеседі деген қорытындыға келеді» (Бейсенбаев 26).

Заманауи кескіндемеде ұлттық тақырыптар, дәстүрлі рәсімдер, ұғымдар мен мифтер жаңаша бейнеленеді. Ұлттық үрдістің кескіндеме және тұжырымдамалық өнер контекстінде дамып, кең етек жаюы, көшпелі дәстүрлерге деген қызығушылықпен байланыстырылады. Бұл феномен кескіндеме өнерін визуалды мәдениеттің жаңа сегменті ретінде айқындайды. Суретшілердің туындыларында бір сәтте көшпелі архаика, еуропалық модернизм және посмодернизм элементтері байқалады.

Қазақстанның қазіргі заманғы өнерінің жанрлық, стилистикалық ұстанымдары мен өзіндік авторлық ұмтылыстарының алуан түрлілігі бүгінгі өнердің шынайы бет пердесі. Суретші этникалық және ұлттық ерекшеліктерді үйлесімді біріктіре отырып, шығармашылығын халықтық дәстүр негізінде қалыптастырады.

Адамның өзінің ұлттық тамырларын білуге және түсінуге деген ұмтылысының артуы оларды белсенді түрде зерттеуге итермелейді. Мәдениет пен өнер - ұлттың болмысы мен дәстүрлерін, тарихы мен дүниетанымын сақтап келген маңызды салалар. Өнер шексіз суреттеу мүмкіндіктеріне ие бола тұра, адамның мәнін құрайтын негізгі рухани

тұрақтамаларды айқын сипаттай алады.

Осы кезеңде Бақыт Бапишев, Бақытжан Әбішев, Абдрашит Сыдыханов, Ғалым Маданов, Қадыржан Хайрулин, Ануар Игембаев және т. б. суретшілер кескіндеме туындыларында тәңірлік бейнелерге жүгінді. Ұмай ананың бейнесі, көшпенділердің мәңгілік тыныштығының бейтарап сақтаушылары саналатын тас балбалдар, құдай сыйы, өмір энергиясы, адамды әлеммен және өз-өзімен келіспеушіліктен құтқару жолындағы құдайға арналған дұғаны бейнелейтін су, от, саз, тас, өмір ағашы сынды табиғи сұрапылдар мен алғашқы элементтер, қазақтың рулық белгілері (тамғалар) — осы кезеңдегі көркем шығармалардың негізгі тақырыбына айналды (Итемгенова 312).

Қазіргі заманғы кескіндемені дамыту саласындағы ізденістердің жаңа жолағын біз Садыбек Бейсенбаев, Онал Абишева және т. б. сияқты авторлардың еңбектері арқылы ұсынамыз. Авторлар көркем өнердегі жаңа үрдістерді жаһандық дәстүрлермен байланыстыру мәселесін, жаңа дәуір шеберлерінің өнер туындылары көмегімен этикалық және адамгершілік құндылықтарды іздеуге, өткеннің рухани тәжірибесін түсінуге деген талпынысын айқындады. Мысалы, Светлана Қобжанова өзінің «Қазақстандағы сандық кескіндеменің дамуы» атты ғылыми мақаласында сандық кескіндеме туындылары жасалатын ерекше мәнерлі құралдарды айқындайды. Сондай-ақ, мақалада осы бағыттың дамуының негізгі кезеңдері, оның қазіргі жағдайы және жақын болашақтағы даму үдерістері сипатталады. Қарастырылып отырған мәселені неғұрлым толық сипаттау үшін шығармалары кескіндемедегі заманауи бағыттарды айқындауға арналған авторлардың жұмыстары да зерделенді. Мұндай ғылыми жұмыстарға Екатерина Парфенованың «Фотореализм», Сергей Прохоровтың «Заманауи кескіндеме және компьютерлік технологиялар»

мақалалары жатады.

Әрине, жаһандану үдерісі қазіргі заманғы өнердегі ең өзекті үдерістердің біріне айналуда. Әр түрлі елдер мен аймақтарда өмір салты мен сәйкесінше көркемдік үдерістердің қарқынды жақындасуына байланысты, Батыс пен Шығыстың, Солтүстік пен Оңтүстіктің мәдени импульстарының белсенді өзара енуі байқалады. ХХІ ғасырда шетелдік көркемсурет мектебінің қазақ бейнелеу өнеріне ықпалының дамуын жоққа шығаруға болмайды. Қазақ және шетел мәдениеттерінің интеграциясының айқын мысалы – суретші Алпамыс Батыровтың шығармашылығы болып табылады.

Батыс және шығыс көркемдік дәстүрлерінің әсерінің әртүрлі аспектілерін мақсатты зерттеу және нақты талдау, әлемдік өнермен көрнекі ұқсастықтарды анықтау Светлана Қобжанованың «Қазақстан кескіндемесін дамытудағы әлемдік көркемдік дәстүрлер (1930-1980 жылдар)» атты диссертациясында кездеседі. Бұл мәселеге терең зерттеу жүргізген автор: «...Ұлттық кескіндеме мектебі – бұл шығармашылық энергияның кез-келген көріністерін біріктіруге және жаңа пластикалық идеяларды тудыруға қабілетті құбылыс,» – деген тұжырым жасайды (19).

## Нәтижелер

Тәуелсіздік жылдарынан бастап заманауи бейнелеу өнері, дәстүр мен инновациялық технологияларды біріктіретін мәдени бірегейліктің ерекшелігін айқын көрсете отырып дамуда.

90-шы жылдары ұлттық бастауларға оралу кеңінен етек жайды. Көптеген жаңа туындылар, оларды сипаттауға бағытталған жаңа басылымдар, ғалымдардың жаңа еңбектері жарық көрді. Олардың еңбектерінде ең бай көшпелі дәстүрлер, мифопоэтикалық мұралар, әдет-ғұрыптар дәріптелді. Қазіргі заман суретшілері өздерін



бірсарынды қолданыстағы стильмен шектемей, өнердің әртүрлі стильдік элементтерін біріктіруге тырысады. Олар сурет салу тәсілі мен сипатын өзгертуге, өз жұмыстарында туған өлкенің алуан түрлілігі мен сұлулығын, ұлттық мәдениеттің байлығын көрсетеді. Суретшілер өткеннің бейнелерін ғана емес, сол кездегі ахуалды жаңғыртуға тырысады. Кейбір жас шеберлер дәстүрлі сарындарға сүйеніп, оларды ой елегінен өткізіп, көрермендерге заманауи техника мен формада жеткізеді.

Еуропалық көркемсурет мектебінің ең озық форматтарын бойына сіңірген Қазақстанның қазіргі заманғы өнерінің басты ерекшелігі – суретшілердің шығармашылығындағы еркіндік көрінісі, жаңа бағыттарды іздеуі. Бұл ұлттық дәстүрлер мен заманауи әлемдік өнер тәжірибесінің жиынтығына негізделген полистилизм ұғымының пайда болуына әкелді.

Кескіндеме бүгінде бейнелеу өнерінің маңызды компоненттерінің бірі болып табылады. Қазіргі заманғы кескіндеменің дамуы мүлдем жаңа техникалар мен материалдарды әлемге паш етіп қана қоймай, сонымен қатар, біздің қоршаған әлемді қабылдауымызды өзгертеді. Ол әр түрлі идеялар мен эмоцияларды бейнелейтін сұранысқа ие өнер ретінде танылады.

Қазақстанда бұл жаһандық және ұлттық мәдениеттердің белгілі бір синтезі түрінде дамуда. Бірақ әлем үшін ол ұлттық құрамдас бөлік те ерекше қызығушылық тудырады. Осы өзіндік ерекшелігі арқылы ол халықтың дүниетанымдық, діни, адамгершілік, мінез-құлық идеяларын өзге мәдениеттерге таныстырады. Өйткені, ұрпақтан-ұрпаққа аманат ретінде беріліп келе жатқан таңбалар мен символдар қазіргі қазақ мәдениетінің өзіндік ерекшелігін және ата-баба өміріне философиялық көзқарасын сақтауға мүмкіндік береді.

Жалпы, кәсіби қазақстандық өнер тарихын, атап айтқанда, бейнелеу өнерін бірнеше кезеңге бөліп қарастыруға болады:

- XX ғасырдың 20-40 жылдары – кәсіптік мектептің негізі қаланды;
- 50-ші жылдар – қазақстандық кеңестік академизм қалыптасты;
- 60-шы жылдар – «қатал стильдің» қазақстандық нұсқасы пайда болды;
- 70-80-ші жылдар – өзіндік «кәсіби мектебі» қалыптасты;
- бейнелеу өнерінің қазіргі кезеңі (Абишева 105).

Кескіндеме өнерінің XXI ғасырдағы дамуына арналған ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдау барысында Қазақстанның қазіргі заманғы көркем өнеріндегі негізгі 4 бағыттың көрермендер арасында танымалдылығының артып келе жатқандығына көз жеткіздік. Олар сандық кескіндеме, минимализм, фотореализм және поп-кескіндеме. Енді осы бағыттар мен олардың көрнекті қазақстандық өкілдерінің кейбіріне сипаттама берейік.

XXI ғасырдағы Қазақстанның кескіндеме өнері әлемдік өнердің ең үздік үлгілерін пайдалана отырып, ұлттық өнердің тәжірибесін одан әрмен дамытуда. Сандық өнер халықтың өнерін жаңғыртудың бір әдісі ретінде заманауи суретшілер тарапынан кеңінен қолданылып келеді. Суретші дәстүрлі кескіндеме техникасын барынша қолдануға тырысады, бірақ ол үшін майлы бояулар, пастельдер мен кенептерді пайдаланбай, графикалық планшет пен электронды қалам, стилусты қолданады.

Сандық кескіндеме суретшілері аға буын өкілдерінің дәстүрлі техникаларын, оның ішінде кенеп пен бояу үйлесімін, жарық пен көлеңке арақатынасын ұтымды пайдаланады. Техника жұмысты жеңілдетеді, жіберілген қателерді түзетуге мүмкіндік береді, кескіннің композициясы мен үйлесімділігін

өзгертеді. Сандық өнер туындыларын олардың техниканы қолдану арқылы жасалу әдісі жағынан емес, жүзеге асырылатын көркемдік міндеті тұрғысынан қарастыру керек. Мысалы, біз майлы кескіндемені майлы бояумен жасалу тұрғысынан қарастырмаймыз, ол кенепте қалай және не бейнеленгені тұрғысынан қарастыратынымыз сияқты. «Сандық компьютерлік технологияларды қолдану бейнелеу өнеріне шығарманы материалдық объект ретінде қабылдаудан бас тартуға және бірегейлікті өзіндік ерекшеліктің ажырамас белгісі ретінде тануға мүмкіндік берді» (Қобжанова 288).

Сандық суретшінің арсеналында дәстүрлі суретшіге қол жетімсіз бірнеше құралдар бар. Атап айтқанда, миллиондаған түстерден тұратын виртуалды палитра, кез-келген көлемдегі кенеп немесе қылқалам, сондай-ақ, өшіргіштер, қарындаштар және 2D немесе 3D эффектіні беретін әртүрлі құралдар.

Сандық кескіндемені белсенді насихаттайтын суретшілердің жас буынына Қаңтар Омар (Qantar Omar), Жанар Ерланқызы (Suretwi Erke), Айбек Сейтқасымов (Jalpan), Дария Мороз, Жәния Ермекбаева (Strxdrows) және т. б. жатқызуға болады. Жанар Ерланқызы, қазақ халқының дүниетанымы мен салт-дәстүрі, түркі мифологиясындағы қанатты жылқылар, мәңгілік өмір ағашы мен Үркер жұлдыздарының ақсақалы туралы аңыздар аясында иллюстрацияларды дүниеге әкелді. Талантты суретші өз туындыларын жасауға бірнеше сағат, кейде апта жұмсайды. Суретші өз жұмысында әлеуметтік тақырыптарды, атап айтқанда тұрмыстық зорлық-зомбылық, балалар құқықтарын қорғау тақырыбын көтереді. Оның жұмыстарының арасында «Tun/kun», «Достар», «Сандық» және т. б. картиналарды ерекше атап өтуге болады.

Жалпы, сандық кескіндеменің даму мүмкіндіктері өте зор. Мұны еліміздің



Suretwi Erke. «Tun/kun» (2023)

ірі мегаполистерінде өткізілетін сандық туындылар көрмелерінен байқауға болады. Осындай көрмелердің бірі Алматыдағы Оқушылар сарайында «Қазақстан кескіндемесі: Тәуелсіз Қазақстан өнеріндегі жаңа үрдістер» атты атаумен өтті. Көрмеге Алматы, Ақтау, Ақтөбе қалаларынан келген жас суретшілердің заманауи өнердің өзекті бағыттарының бірі – сандық кескіндемеде орындалған 70-тен астам жұмыстары ұсынылды. Жас суретшілер өздерін шетелде де танытуда. Мысалы, Париж қаласында Жанар Ерланқызының сандық туындыларының бірегей көрмесі өтті (24.kz).

Қазіргі заманғы кескіндеме әртүрлі сюжеттермен және орындалатын техникамен таң қалдырады. Шынында да, бүгінде кез-келген суретшінің кез-келген бағытта және стильде жұмыс істеуге ғана емес, оларды дамытуға да тамаша мүмкіндігі бар. Кескіндеменің заманауи бағыттарының келесі тобын фотореализм туындылары құрайды.

Фотореализм — 1960 жылдардың аяғында АҚШ-та пайда болып, содан кейін 1970 жылдары Еуропада кеңінен таралған кескіндеме өнерінің бағыты. Фотореализмде суретші фотосуретке негізделген шынайы картиналар немесе мүсіндер жасайды. Өнертану

ғылымына бұл терминді 1968 жылы Луиз Мейзель ұсынған. Ол 1973 жылы «Фотореализм дегеніміз не?» деген сұраққа толыққанды жауап алуға болатын 5 тармақты тұжырымды әзірледі. Мейзельдің пікірінше, фотореализм бағытында жұмыс жасауға бел бұған суретші ақпарат жинау үшін камера мен фотосуретті пайдалануы керек. Екіншіден, фотореалист кенепке ақпаратты тасымалдау үшін механикалық және электромеханикалық құралдарды пайдалануы қажет. Үшіншіден, суретті фотографиялық көрініске айналдыру үшін шеберліктің жоғары дейгейін меңгеруі тиіс. Сонымен қатар, суретші фотореалист ретінде танылуы үшін өз жұмыстарының көрмесін ұйымдастырып отыруы қажет. Бесінші және соңғы тұжырымда суретшінің осы бағытта кем дегенде 5 жыл еңбек етуі керек делінген.

Ричард Эстес, Одри Флэк, Дуэйн Хансон, Чак Клоуз — фотореализмнің дамуына үлес қосқан, осы өнер түрінің алғашқы шеберлері. Олар әртүрлі техникада туындыларын орындау арқылы жоғары шеберлікті көрініс пен шынайы кескіндерді ұсынуға. «Фотореализмнің айрықша белгісі ретінде — егжей-тегжейге мұқият көңіл бөлуді жатқызуға болады. Өйткені, суретшілер жобаланған фотосуреттің ұсақ бөлшектерін ұқыптылық және дәлдікпен қайталауға тырысады» (Парфенова 131).

1999 жылы Билл Флеминг «Фотореалистік кескіндерді жасау» атты кітабын жарыққа шығарып (Флеминг 5), кескіндеменің осы бағытын ғылыми тұрғыда зерттеудің бастамасын салады. Кітапта фотореализмнің негізгі қағидаттары және үш өлшемді графикалық объектілерді дамытудың әмбебап әдістері қарастырылған. Басылымда материалдардың текстурасын таңдау, көріністі дұрыс жарықтандыру және түсіру нүктесін таңдау бойынша ұсыныстар да бар. «Автор қоршаған ортаны, соның ішінде қалалық композициялар мен табиғи

ландшафттарды, табиғи материалдарды, өсімдік жамылғысы мен су объектілерін шынайы көрсете білу міндетіне назар аударады. Ұсынылған үлгілеу әдістері үнемді келеді және күрделі көріністерді жобалау кезінде есептеу жүйесінің ресурстарын асыра пайдаланбауға мүмкіндік береді» (Прохоров 317).

Фотореализм немесе оның француздық синонимі гиперреализм 1973 жылы Иззи Брашоның нұсқауымен алғаш қолданыла бастады. «Гиперреализм» сол 1973 жылы Брюссельде өткен үлкен көрменің және каталогтың атауы ретінде қолданылды. ХХІ ғасырдың басындағы гиперреализм фотореализмнің эстетикалық қағидаттарына негізделген. Американдық суретші Денис Петерсон алғаш рет «гиперреализм» терминін жаңа стильді және оны қолданатын суретшілер тобын сипаттау үшін қолданды. Оның жаңашыл туындылары фотореализмнің бір саласы ретінде қарастырылды. Қазақстан Республикасында гиперреализм саласында өнер көрсететін суретшілер толқыны енді қалыптасуда. Олардың қатарында Айдос Есмамагамбетовтың шығармашылығы ерекше назарда. «Сызу және бейнелеу өнері» мамандығын тәмамдаған суретші қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының (Сурет 1), Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың мүсіндерін гиперреалистік сарында сомдап үлгерген.

ХХ ғасырдағы Қазақстан кескіндемесін дамытудың негізі ұлттық өнердің мұрасы мен тәжірибесі және әлемдік өнердің жетістіктері болып табылады. Осы әлемдік тәжірибені зерделеумен айналысқан суретшілер батыс елдерінде ХХ ғасырдың 60-шы жылдарына танымал болған кескіндеменің минималистік бағытын қолға алуда. Минимализм немесе минимал-арт (ағылш. *minimal art*) кескіндеме стилі ретінде ХХ ғасырдың 60-жылдарында Нью-Йоркте пайда болды және поп-арт пен супрематизм



Сурет 1. Айдос Есмагамбетов «Абай» (2020)

элементтері бар постмодернизмнің тармағына айналды. Жаңа бағыттағы суретшілер шығармаларды мүмкіндігінше ықшамдауға, бөлшектер мен элементтердің санын азайтуға тырысты. Минимализмнің айырықша шарты суреттің мағынасын сақтау, автордың негізгі ойына назар аудару болды. Жаңа бағыт көрерменді философиялық ойлауға, объектілер мен оқиғаларға дүниетанымдық тұрғыда қарауға, заттар мен құбылыстардың мәні туралы ойлауға шақырды. Өнертанушылар кескіндемені жеңілдетуге тырысқан, аскетизмге бет алған жаңа үдерісті «салқын өнер» деп атады.

«Минимализм» терминін дүниеге әкелген Р. Уолхейм суретшінің қоршаған ортаға араласуын барынша азайтуға үлес қосқан суретшілердің жұмысын талдау арқылы осы тұжырымға келген. Минималистердің мақсаты – көрерменге түстер мен реңктерді суретшінің

субъективті көзқарасы мен пікірінсіз тікелей қабылдауға мүмкіндік беру.

Минимализм бағытында жұмыс жасайтын суретшілердің туындыларының композицияларында алдыңғы қатарға:

- жасырын субтекст;
- күрделі формалар - олардың арқасында суретшілер түс тереңдігін жеткізеді;

– эмоцияларды дәстүрлі техникалармен жеткізу, мысалы, геометрияда «билік ететін» пішіндер мен сызықтардың дәлдігі арқылы.

Минималисттердің картиналарындағы сюжеттерде субъективизм жоқ, олар ассоциативті метафора мен бейнешілікке толы. Минимализм өткен ғасырдың екінші жартысында белсенді дамыды және ХХ ғасырдың соңында нео - және пост-минимализм бағыттарын дүниеге әкелді.

Осындай сарында дүниеге келген туындылардың қатарында Қазақтандық танымал суретші-гобеленші Әліби және Сәуле Бапановтардың «Жауынгер» атты жұмысын ерекше атауға болады.

Шеберлердің туындысындағы аттың үстіндегі батырдың бейнесі жоғарыда аталған иконографиялық символизм қасиеттеріне ие. «Бейнелеу – стилистикалық тұрғыдан «Жауынгер» туындысы минималистік эстетиканың ең жақсы дәстүрінде әзірленген» (37).

Жас минималист суретшілер арасында Назира Сәдуақасованы, Әлия Мұқышеваны, Дария Қажығалиеваны және т.б. атап өтуге болады. Олардың шығармалары пәктігімен, батылдығымен және ширақтығымен шабыттандырады. Табиғат, фактура, пішіндер, гүлдер мен өсімдіктерді бейнелеу арқылы қыздар әйел адамның табиғи сұлулығын танытуға тырысты. Әлия Мұқышева болса бала кезінен осындай бейнелерге қызығушылық танытады.

«Супер қыз» атты кітаптың иллюстраторы бола тұра, суретші

Совет Одағының батыры, пулеметші Мәншүк Мәметованың портретін сомдады. «Эпикалық поэзиядағы



және кең мағынада көшпелі халықтың өміріндегі — батыл, ақылды, табанды және тіпті өмірді таңдау еркіндігін сезінуде аңдаусыз әйелдердің бейнелері суретшілердің қылқаламымен екпінді түрде бейнеленген» (Шарипова 117).

Поп-арт (ағылш. Pop Art немесе popular art — танымал, табиғи өнер) — Батыс Еуропа мен АҚШ-тың 1950-1960 жылдардағы авангардтық өнеріндегі ағым. Ол өз бойына бейнелеу өнері мен бұқаралық мәдениетті біріктірді. Поп-арт жарнамадан, комикстерден, журналдардан, теледидардан және кинотеатрдан бейнелерді көшірумен сипатталады. Поп-арт XX ғасырдағы абстракционизм мен басқа да өнер стильдерінің байыптылығына жауап ретінде қалыптасты. Стиль авангард өнерінің бір саласы ретінде де қарастырылады. Поп-арт қоғам санасында қиқарлы, нашар жасалған, сапасыз нәрсе ретінде қабылданады. Бірақ бастапқыда поп-арт — көпшілікке бағытталған және жоғары деңгейде жасалған өнер болды.

Поп-арт қазіргі заманғы өнердің дамуына үлкен әсер етті, оның дәстүрлері қазіргі уақытта да сақталып келеді. Бұл термин алғаш рет 1956 жылы Лондонда «Уайтчапел» галереясында «Бұл ертеңгі күн» көрмесінде қолданылды. Роберт Раушенберг бастаған поп-арт өкілдері көрерменге таныс заттармен орындалатын өнерді ұсынды. Ғылыми тұрғыда бұл терминді алғаш рет «Өнер және БАҚ» мақаласында Лоуренс Аллоуэй қолданды.

Поп-арт өнерінің негізін қалаушылар және ең танымал өкілдері Энди Уорхол мен Джаспер Джонс болды. «... Кескіндеме өнеріндегі поп-арт стилінің айрықша ерекшеліктері:

1. Кескіндемеде ашық түстер, коллаж жасау техникасы қолданылады, бір кескінде бірнеше логикалық байланысты емес объектілер біріктіріледі.

2. Поп-арт стилі әртүрлі бітімді қолдануды білдіреді.

3. Туындыда жазулар, ұрандар, үнделулер болуы мүмкін. Ол постерге ұқсайды.

4. Туындыны жасау үшін фотопринтинг техникасын, шынайы заттармен біріктіруді, дизайнды қолдануға болады» (Никульчева 46).

Қазақстандық поп-арт өнерінде өз шығармаларын Оксана Шаталова, Зульхайнар Қожамқұлов, Серик Буксиков, Людмила Айтуарова және т.с.с. суретшілер ұсынып жүр. Зульхайнар Қожамқұлов өз туындыларында Бибігүл Төлегенова, Роза Рымбаева, Шәкен Айманов, Шәмші Қалдаяқов, Бауыржан Момышұлы, Олжас Сүлейменов, Әлібек Дінішев, Батырхан Шүкенов сынды отандық танымал тұлғалардың портреттерін «Наше всё» («Біздің барымыз») көрмесі арқылы көпшілікке ұсынған. Суретші өз кейіпкерлерін поп-арт стилінде, яғни жарқын қарама-қарсы түстер, айқын сызықтар көмегімен бейнелеген. Өзім соцреализм дәуірінде өмір сүрсем де, бұл тұлғалардың энергиясын жаңа тәсілдермен білдіру үшін мен поп-арт стилін таңдадым, дейді суретші.

Сандық кескіндеме, поп-арт, минимализм, гипперреализм — бұл шығармашылық үдерістің құрал жабдықтық және идеялық бөлігін дамытудың жаңа кезеңі. Бейнелеу өнерінің бұл жаңа бағыттары қазіргі таңда өз мүмкіндіктерін кеңейтуді жалғастыруда. Олардың арқасында шығармашылыққа деген жаңа көзқарас қалыптасты. Қазіргі заманғы өнердің бір бөлігі ретінде кескіндеме өнері басқа елдердегідей техникалық және көркемдік деңгейде дамып келеді және оған деген қызығушылық та артууда.

## Негізгі тұжырымдар

1. Ғылыми зерттеу барысында авторлар қазақстандық бейнелеу өнерінің қазіргі бағыттарына талдау жасап, ең кеңінен тараған түрлеріне және суретшілердің шығармаларына сипаттама бере алды.

2. ХХІ ғасырда Қазақстанның бейнелеу өнерінің дамуында оның дамуына елеулі әсер ететін бірнеше бағыт бар. Оларға сандық кескіндеме, минимализм, фотореализм және поп-кескіндеме жатады. Бұл бағыттардың кейбіреулері кең таралмағанымен, басқа суретшілердің жұмысына үлкен әсер етті.

3. Бұл бағыттардың қазақстандық суретшілер арасында кең таралуы мәдениет пен өнер саласына әсерін күшейтіп, суретшілердің аудиториясын кеңейтті. Кескіндеме өнеріндегі инновациялар мен заманауи технологиялар өнердің жаңа форматын қалыптастырады. Кескіндемедегі инновациялар жаңаша ойлаудың, жаңа бейнелеу әдістері мен технологияларының пайда болуына әсер етеді, суретшілерге көрерменді ортаға барынша ендіруге және суреттерге тән мәнді жеткізуге мүмкіндік береді.

4. Өнер – бұл әртүрлі стильдер мен бағыттар үйлесімі. ХХІ ғасырдағы бейнелеу өнері – өнердің, туындыны дүниеге әкелудің және жаңа идеяларды таратудың дамып келе жатқан саласы. Сондықтан қазақстандық бейнелеу өнерінің даму тенденцияларын зерделеу оны өзекті динамикалық зерттеу саласына айналдырады.

## Қорытынды

Заманауи сандық технологиялардың дамуы, жалпыға бірдей жаһандану үдерісі, мәдениетаралық байланыстардың кеңеюі жаңа шығармашылық ойдың қалыптасуына оң ықпал етеді. Бейнелеудің жаңа технологиялық құралдары, өзіндік ерекшеліктерге ие «Y» және «Z» буынына жататын шығармашылық жастардың жаңа толқынының дүниеге келуі, олардың арасында үзінді түрінде ойлаудың және көп мәселелікке бағдарлануының етек жаюы, белсенді ұстаным қасиетіне ие болуы және ең бастысы гаджеттерді жетік меңгеруі өнердің дамуына өз өзгерістерін енгізеді.

Автордың ғылыми зерттеу пәні ретінде алған бейнелеу өнерінің бағыттары бойынша жұмыс істейтін суретшілер адам жанының барлық қырларын мүмкіндігінше егжей-тегжейлі жеткізуге тырысады. Көрермен бейнені жасау жұмысына тікелей қатысады. Туынды авторлары көрермендерді тәрбиелеуге, оларға жақсы талғамды бойына сіңдіруге тырыспайды. Олар көрерменмен диалогқа түседі. Осының арқасында олардың мүсініне немесе кескіндеме туындысына қараған әрбір адам оны қайта жасайды. Өнертану ғылымында мұны кей жағдайда қарым-қатынас өнері деп те атайды. Алғаш рет қарым-қатынас өнері терминін сыншы Николас Буррио енгізді. Оның пікірінше, бұл жай ғана өнер емес, бұл қарым-қатынас эстетикасы.

Жоғарыда келтірілген зерттеу нәтижелерінен өнердегі инновациялық үдерістің, әдетте, шығарманың тақырыбын, суретші жүгінетін көркем бейнелерді, көркем шығарманы жасау технологиясын қамтитындығын анықтадық. Бұл ішкі өзгерістер бір-бірімен байланысты келеді. Мысалы, компьютерлерді шығармашылық үдеріске енгізу шығарманың бейнелі-тақырыптық құрылымында, стилистикалық сипатында және оны жасау технологиясында өзгерістерге әкеледі. Өнердегі инновациялардың пайда болуы, бір жағынан шығармашыл тұлғалардың халықтың бай мәдени мұрасын зерделеумен байланысты болса, екінші жағынан ХХ ғасырдың екінші жартысында кең етек жайған жаһандану үдерістерімен сипатталады. Зерттеу тақырыбы аясында жиналған материалдар суретшілердің шығармашылығындағы инновациялардың тарихи бетбұрыс кезеңі мен сыртқы әсерлердің ықпалымен орын алғандығын дәлелдеді.

Көптеген өнертанушылар ХХІ ғасырдағы өнерге тән стильдердің көпшілігі қазіргі заманғы постулаттарға



негізделген деп санайды. Әлемдегі барлық нәрсе құбылмалы, ауытқымалы, үнемі қозғалыста. Өнер де мәңгі өзгеріске ұшырап отырады. Бұл құбылмалылық сыншыларға ХХІ ғасыр суретшісінің біртұтас бейнесін жасау жолында кедергі жасайды. Өйткені олардың әрқайсысы үшін бұл стиль өз таңбасын білдіреді және де әр суретші оны өзі өзгертеді.

Қазақстандық жас суретшілер Қаңтар Омар (Qantar Omar), Жанар Ерланқызы (Suretwi Erke), Айбек Сейтқасымов (Jalgan), О.Шаталова, З.Қожамкулов және тағы басқалары өз жұмыстарында оларды қоршаған шынайылықты бақылау нәтижелерін көрсетуге, заттар мен үдерістерге деген өз көзқарастарын түсінуге, халық шығармашылығынан жинақталған мұқият зерделенген материалды пайдалануға ұмтылады. Ұлттық этномәдени дәстүрлер мен еуропалық бейнелеу өнері жүйесіне енудің әртүрлі формалары Қазақстанның бейнелеу өнерінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Соңғы уақытта танымал болып келе жатқан гиперреализм ағымы Қазақстанда да көрініс табуда. гиперреализмнің негізінде бейнеленетін заттың дәлме-дәл, ұсақ-түйекке дейін көшірілуі жатыр. Осы өнерде туындыларды шебер орындап жүрген Айдос Есмамагамбетовтың жұмыстары көрермен арасында танымал болуда. Қазіргі заманның көрермендерін бұл бағытта таң қалдыратыны, автордың оны жасауға қанша күш пен уақыт жұмсағанын түсінуімен байланысты.

Қазіргі заманғы кескіндеме автор тізімдеген бағыттардан басқа – «гибридті өнерді», «виртуалды өнерді», «брендализмді», «био артхаус ойынын», «жаңа готика», «метамодерн», «массюрреализм», «максимализмді» қамтиды. Бұл жаңа бағыттар технологияның дамуымен де, адамның өз дене бітімін тануымен және әлемдегі орнын түсінумен де байланысты бейнелеу техникасының кең спектрін қамтиды. Қазіргі заманғы өнердің тақырыптық спектрі шексіз кең, ол адам қызметінің кез-келген көріністеріне жауап бере алады. Қазіргі заманғы өнер көбінесе суретшілер мен тәуелсіз өнер сыншыларының сынына ұшырайды. Бірақ мұндай сынның арқасында өнер туындысының құндылығына деген сенім қамтамасыз етіледі. Өнер, суретші және оның қызметі туралы қоғамдық пікірді қалыптастыру, «көзі ашық» көрерменді тәрбиелеу қызметін орындайды. Сонымен қатар, сыншы суретшіге шынайылықтың ең өткір мәселелеріне назар аудартады, суретшінің шығармашылық өсуіне ықпал етеді.

Қазақстан суретшілері дәстүр бойынша өз туындыларында болмыстың өзекті мәселелерін көрсетеді. Қазақстанның қазіргі заманғы бейнелеу өнері үздіксіз, дүрбелең қозғалыста, үздіксіз шығармашылық тәжірибелер үдерісінде, әртүрлі тәсілдер мен стильдердің қатар өмір сүруі уақытында дамып жатыр.

### **Авторлардың үлесі**

**А.Еспенова** – зерттеу идеясын қалыптастыру, зерттеу міндеттерін қою, мақала мәтінін жазу.

**Л.Мусабекова** – материалды жүйелеу бойынша күнделікті жұмыстарды орындау, зерттеу нәтижелерін талдау және деректерді дайындау, әдебиеттерді сыни талдау, ғылыми журналдың талаптарына сәйкес мақала мәтінін редакциялау.

### **Вклад авторов**

**А.Еспенова** – генерация идеи исследования, постановка задач исследования, написания текста статьи.

**Л.Мусабекова** – выполнение рутинной работы по систематизации материала, анализ результатов исследования и подготовка данных, критический анализ литературы, редактирование текста статьи согласно требованиям научного журнала.

### **Contribution of authors**

**A.Yespenova** – generating research ideas, setting research objectives, writing the text of the article.

**L. Mussabekova** – performing routine work on the systematization of material, analysis of research results and data preparation, critical analysis of literature, editing the text of the article according to the requirements of the scientific journal.

## Дәйеккөздер тізімі

Мусрепов, Анвар. Практики Самоорганизации. Казахстан // <https://www.horsemilk.cc/self-organization> (Дата доступа: 27.12.2023).

Бейсенбаев, Садыбек. «Особенности национальной культуры в современном изобразительном искусстве Казахстана» // *Cultural and historical heritage in the context of a modern outlook formation London*, 05–10 ноября 2015, с.133

Болысбаев, Даулетхан и другие. «Изобразительное искусство Независимого Казахстана». *Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований*, № 4, 2017, с.591-593

Ергалиева, Райхан. «Трансформация культурной традиции в современном искусстве Казахстана». *Ученые записки (Алтайская государственная академия культуры и искусств)*, 2017, с.209-213

Бейсенбаев, Садыбек. «Современная живопись Казахстана и национальная знаковая символика». *GISAP: культурология, спорт и история искусства*, №1. 2013, с.25-28

Итемгенова, Бекзат и Раимбергенов, Абдрашид. «Основные тенденции развития современного искусства Казахстана в XX веке». *Мир науки, культуры, образования*. № 2 (45)2014, с.310-312

Кобжанова, Светлана. *Мировые художественные традиции в развитии живописи Казахстана (1930-1980-е годы)*. Автореферат дис. ... канд. искусствоведения: 17.00.04. – Алматы: Әрекет-Принт, 2010. с.24.

Абишева, Онал и Бейсенгали Б.Б. «Развитие изобразительного искусства в Казахстане». *Художественное пространство XXI века: проблемы и перспективы*, материалы Международной научно-практической конференции. 16 апреля 2020 года, Нижневартковский государственный университет, ред.-сост. Марины Новиковой, 2020, с. 326

Кобжанова, Светлана и Айдарова Марьяна. Развитие цифровой живописи в Казахстане. *Керуен*, №4, Т.77, 2022, с.274-292

«Парижде қазақ халқының аңыздары бейнеленген цифрлы көрме ашылды». 03 февраля 2022, <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/m-denie/item/525713-parizhde-aza-khal-yny-a-yzdary-bejnelen-gen-tsirly-k-rme-ashyldy>. Кіру күні: 09 қаңтар 2023.

Парфенова, Екатерина «Фотореализм». *Научно-образовательный журнал для студентов и преподавателей «StudNet»*, №2, 2020, с.127-132

Прохоров, Сергей. «Современная живопись и компьютерные технологии: от фотореализма до живописи 3D-арт». *Мир науки, культуры, образования*, № 5, (30)2011, с.317-319

Флеминг, Билл. *Создание фотореалистичных изображений*. Москва, ДМК, 2022.

Муқанов, Флобер и др. «Сакральнo–мифологические аспекты художественного образа всадника на коне в искусстве современного казахского гобелена». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 4, № 3, 2020 г., <https://cajas.kz/journal/article/view/211>.

Шарипова, Диляра и другие. «Тенденции женской живописи Казахстана в контексте самоидентификации». *Пространство и культура*, №6 (2), 2018, Индия, с.113–120. <https://doi.org/10.20896/saci.v6i2.361>

Никульчева, Наталья. «Декоративная живопись в стиле поп-арт». *Школа молодых учёных по проблемам гуманитарных наук*, материалы областного профильного семинара, 2018, с.45-48

## References

Musrepov, Anvar. *Praktiki Samoorganizatsii*. [“Self-Organization Practices”] Kazakhstan // <https://www.horsemilk.cc/self-organization> (Assessed 27 december 2023). (In Russian)

Beysenbayev, Sadybek. «Osobennosti natsionalnoy kultury v sovremennom izobrazitelnom iskusstve Kazakhstana» // *Cultural and historical heritage in the context of a modern outlook formation*. London, 05–10 november 2015, s.133. (In Russian)

Bolysbayev, Dauletkhan, et al. *Izobrazitelnoye iskusstvo Nezavisimogo Kazakhstana*. [“Fine arts of Independent Kazakhstan”] (International Journal of Applied and Fundamental Research). № 4, 2017, s.591-593. (In Russian)

Yergaliyeva, Raykhan. *Transformatsiya kulturnoy traditsii v sovremennom iskusstve Kazakhstana*. [“Transformation of cultural tradition in contemporary art of Kazakhstan”] Scientific notes (Altai State Academy of Culture and Arts), 2017, s.209-213. (In Russian)

Beysenbayev, Sadybek. *Sovremennaya zhivopis Kazakhstana i natsionalnaya znakovaya simbolika*. [“Modern painting of Kazakhstan and national iconic symbols”] GISAP: cultural studies, sports and art history, №1. 2013, s.25-28. (In Russian)

Itemgenova, Bekzat, and Raimbergenov, Abdrashid. *Osnovnyye tendentsii razvitiya sovremennogo iskusstva Kazakhstana v XX veke*. [“The main trends in the development of contemporary art in Kazakhstan in the twentieth century”] The world of science, culture, and education. № 2 (45) 2014, s.310-312. (In Russian)

Kobzhanova, Svetlana. *Mirovyye khudozhestvennyye traditsii v razvitii zhivopisi Kazakhstana (1930-1980-e gody)*. [“World artistic traditions in the development of painting in Kazakhstan (1930s-1980s)”] Abstract of the dissertation ... cand. art criticism: 17.00.04. – Almaty, 2010. s.24. (In Russian)

Abisheva, Onal, and Beysengali B.B. *Razvitiye izobrazitel'nogo iskusstva v Kazakhstane*. [“Development of fine arts in Kazakhstan”] The art space of the XXI century: problems and prospects, materials of the International Scientific and Practical Conference. 16 April 2020, Nizhnevartovsk State University, ed.-comp. Marina Novikova, 2020, p. 326. (In Russian)

Kobzhanova, Svetlana, and Aydarova Maryana. *Razvitiye tsifrovoy zhivopisi v Kazakhstane*. [“The development of digital painting in Kazakhstan”] Keruyen, №4, T.77, 2022, s.274-292. (In Russian)

«Parizhde қазақ халқының аңыздары бейнеленген tsifrlы көрме ашылды». 03 fevralya 2022, <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/m-denie/item/525713-parizhde-aza-khal-yny-a-yzdary-bejnelengen-tsfirly-k-rme-ashyldy>. Kiru kyini: 09 january 2023. (In Kazakh)

Parfenova, Yekaterina *Fotorealizm*. [“Photorealism”]. Scientific and educational magazine for students and teachers. «StudNet», №2, 2020, s.127-1327 (In Russian)

Prokhorov, Sergey. *Sovremennaya zhivopis i kompyuternyye tekhnologii: ot fotorealizma do zhivopisi 3D-art*. [“Modern painting and computer technology: from Photorealism to 3D art painting”]. The world of science, culture, and education, № 5, (30) 2011, s.317-319. (In Russian)

Fleming, Bill. *Sozdaniye fotorealistichnykh izobrazheniy*. [“Creating photorealistic images”]. Moskva, DMK, 2022. (In Russian)

Mukanov, Flober et al. *Sakralno–mifologicheskiye aspekty khudozhestvennogo obraza vsadnika na kone v iskusstve sovremennogo kazakhskogo gobelena*. [“Sacred and mythological aspects of the artistic image of a horseman on horseback in the art of modern Kazakh tapestry”]. Central Asian Journal of Art Studies, t. 4, № 3, 2020 g., <https://cajas.kz/journal/article/view/211>. (In Russian)

Sharipova, Dilyara et al. *Tendentsii zhenskoy zhivopisi Kazakhstana v kontekste samoidentifikatsii*. [“Trends in women’s painting in Kazakhstan in the context of self-identification”]. Space and culture, №6 (2), 2018, Indiya, s.113–120. <https://doi.org/10.20896/saci.v6i2.361>. (In Russian)

Nikulcheva, Natalya. *Dekorativnaya zhivopis v stile pop-art*. [“Decorative painting in the style of pop art”]. School of young scientists on the problems of the humanities, materials of the regional specialized seminar, 2018, s.45-48. (In Russian)

**Айгерим Еспенова**

Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова,  
(Алматы, Казахстан)

**Лаура Мусабекова**

Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова,  
(Алматы, Казахстан)

**ТРАДИЦИИ И ИННОВАЦИИ КАК ИСТОЧНИК ТВОРЧЕСТВА  
В ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОМ ИСКУССТВЕ**

**Аннотация.** Научная статья посвящена исследованию некоторых важных аспектов развития казахстанской школы живописи в XXI веке. Автор подробно исследует развитие направлений современного изобразительного искусства. Проведен анализ творчества художников направлений цифровой живописи, минимализма, фотореализма и поп-живописи.

Проблема исследования тенденции развития изобразительного искусства, новаторских изысканий художников является весьма актуальной. Новые идеи, характерные приемы, техники выполнения повлияли на становление оригинальных направлений которые полюбили современному зрителю. В процессе исследования выявлены характерные особенности фотореализма, цифровой живописи как развивающихся форм искусства, которые с одной стороны используют традиционные техники рисования, так и множество «digital» технологий. Изучение этих направлений изобразительного искусства позволяет раскрыть новые аспекты выразительности визуального искусства, помогают зрителю самостоятельно осмыслить произведение искусства.

В результате автор пришел к выводу о том, что современное изобразительное искусство охватывает широкий спектр стилей и приемов, который отражает стремление и запросы современного общества. Набор гибридных техник позволяет создать визуальные и оптические эффекты, которые, в свою очередь, позволяют управлять процессом диалога мастера и зрителя. Подстроенный под современные требования стиль задает тон целому направлению изобразительного искусства. Творчество художника, являющегося представителем поп-живописи, требует детального изучения для прогнозирования тенденции развития целого искусства на десятилетия вперед. Конечно, тенденции в искусстве изменчивы и отражают неизбежную эволюцию социума. Но, так или иначе, оно вызывает интерес со стороны искусствоведов, которые рассматривают современное изобразительное искусство в едином пространстве культуры. Все, что меняется и развивается в искусстве, должно быть исследовано и понято для дальнейшего взаимодействия человека с искусством.

**Ключевые слова:** современное художественное искусство, цифровая живопись, минимализм, фотореализм, поп-живопись, художественное пространство, художники Казахстана.

**Источник финансирования:** Статья подготовлена в рамках грантового финансирования Комитета науки МНВО РК 2024-2026, ИРН проекта AP ИРН 22786586.

**Для цитирования:** Еспенова, Айгерим и Мусабекова Лаура. «Традиции и инновации как источник творчества в изобразительном искусстве» *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 9, № 3, 2024, с. 66-106, DOI: 10.47940/cajas.v9i3.805.

**Благодарности:** Авторы выражают благодарность редакции «Central Asian Journal of Art Studies» за помощь в подготовке статьи к публикации, а также анонимным рецензентам за внимание и интерес к исследованию.

*Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи и заявляют об отсутствии конфликта интересов.*



**Yespenova Aigerim**

Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts  
(Almaty, Kazakhstan)

**Laura Mussabekova**

Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts  
(Almaty, Kazakhstan)

**TRADITIONS AND INNOVATIONS AS A SOURCE OF CREATIVITY IN THE VISUAL ARTS**

**Abstract.** The scientific article is devoted to the study of some important aspects of the development of the Kazakh school of painting in the XXI century. The author explores in detail the development of modern fine art trends. The analysis of the creativity of artists of the directions of digital painting, minimalism, photorealism and pop painting is carried out.

The problem of studying trends in the development of fine art, innovative research of artists is very relevant. New ideas, characteristic techniques, techniques of execution influenced the formation of original directions that the modern viewer fell in love with. In the course of the research, the characteristic features of photorealism, digital painting as developing art forms that, on the one hand, use traditional drawing techniques, as well as a variety of “digital” technologies are revealed. The study of these areas of fine art allows us to reveal new aspects of the expressiveness of visual art. To help the viewer to comprehend the work of art independently.

As a result, the author came to the conclusion that modern fine art covers a wide range of styles and techniques, which reflects the aspirations and demands of modern society. A set of hybrid techniques allows you to create visual and optical effects, which in turn allow you to control the process of dialogue between the master and the viewer. The style adjusted to modern requirements sets the tone for the whole direction of fine art. The creativity of the artist, who is a representative of pop painting, requires a detailed study to predict the trend of the development of the whole art for decades to come. Of course, trends in art are changeable and reflect the inevitable evolution of society. But one way or another, it arouses interest from art historians who consider modern fine art in a single cultural space. Everything that changes and develops in art must be researched and understood for further human interaction with art.

**Keywords:** contemporary art, digital painting, minimalism, photorealism, pop painting, art space, artists of Kazakhstan.

**Source of funding:** The article was prepared with the support of grant funding from the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan for 2024–2026; IRN project is AP 22786586.

**Cite:** Yespenova Aigerim, and Mussabekova Laura. “Traditions and innovations as a source of creativity in the visual arts” *Central Asian Journal of Art Studies*, vol. 9, no. 3, 2024, pp. 66-106, DOI: 10.47940/cajas.v9i3.805.

**Acknowledgments:** The authors express their gratitude to the editors of the “Central Asian Journal of Art Studies” for the help in preparing the article for publication, as well as to anonymous reviewers for their attention and interest to the study.

*The authors have read and approved the final version of the manuscript and declare no conflicts of interests.*

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Еспенова Айгерим** – Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының аға оқытушысы (Алматы қ., Қазақстан Республикасы)

**Мусабекова Лаура** – Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының оқытушысы (Алматы қ., Қазақстан Республикасы)

**Сведения об авторах:**

**Еспенова Айгерим** – старший преподаватель кафедры «Истории теории изобразительного искусства», Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жүргенова, доктор PhD (г. Алматы, Республика Казахстан)

ORCID ID: 0000-0003-1152-0434

E-mail: aespénova@mail.ru

**Мусабекова Лаура** – преподаватель кафедры «Истории теории изобразительного искусства», Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жүргенова, доктор PhD (г. Алматы, Республика Казахстан)

ORCID ID: 0009-0001-6158-6135

E-mail: al-laura@mail.ru

**Information about the authors:**

**Yespenova Aigerim** – senior lecturer of the Department of «History of the Theory of Fine Arts», Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, PhD (Almaty, Republic of Kazakhstan)

**Mussabekova Laura** – lecturer at the Department of «History of the Theory of Fine Arts», Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, PhD (Almaty, Republic of Kazakhstan)